

Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Игенбаева Б. Қ. – Мектепке дейінгі даярлық және бастауыш білім зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

Мақалада Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде «Дала қоңырауын» алғаш рет сыңғырлатқан ұлы ұстаз туралы айтылады. Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде білім мазмұнының тұғыры болатын озық идеялары мен адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларының орны ерекше болды.

Түйінді сөздер: ағартушы, педагог, ақын-жазушы, ұстаз.

Аса кернекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин – қазақ елінің ағарту саласында, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, ақын-жазушы ретінде танылған ұлы тұлға.

Ол Торғай қаласында алғаш рет қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашты. Сол мектепке өзі орыс тілінің мұғалімі қызметін атқара жүріп, ауыл-ауылдарды аралап, халықтың жаппай сауаттануын насихаттады. Мектеп ашуға қажетті қаражаттың жиналуына өз үлесін қосты. Қазақ жерінде «Дала қоңырауын» алғаш рет сыңғырлатқан ұлы ұстаздың ағартушылық қызметі осылай басталды.

Бұл жөнінде Ыбырай Алтынсариннің мұғалімнің рөлі туралы пікірі: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, кебінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен көзір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат керемін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы [1, 28 б.], – деп жазды. Ыбырай Алтынсарин, – тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» [1, 28 б.].

Осылайша, Ы.Алтынсарин мектепті халық ағарту ісінің қайнаркөзі санап, оған мұғалімнің жауапкершілігін биік қойды. Оқытушының болмыс-бітімі мен пайым-парасатының деңгейіне мән берді.

Әр оқушының өзіндік ерекшелігін ескере оқытуды, ол үшін ерінбей еңбектенудің маңызын ашып көрсетті.

Білім мазмұнының маңыздылығына үлкен мән беріп, оқытуға арқау болатын тақырыптар бойынша өз шығармаларын жазды. Тәрбиенің тетігіне тең келетін шығармалары бүгінгі күнге дейін оқулықтарға арқау болып келеді.

Баланы өмірге үйрететін, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал ететін тәлімі мол әңгімелері заман өзгергенмен, адами құндылықтарды дәріптеуге баға жетпес құрал болып келеді.

Өзінің мұғалімдік тәжірибемде Ы.Алтынсарин шығармалары баланың тілін дамытудан бастап, танымын кеңейтетін, ойын жетілдіріп, білімін тереңдететін жетекші әдістемелік құралым болды.

Білім алуды сабақта және сабақтан тыс уақытта ұштастыру, баланың білуге құштарлығын оятып, зердесінде сақталуын назарда ұстау тәсілін өзіме бағдаршамдай көрдім.

Ғылыми еңбектеріме зерттеу жұмысымның мәнін ашып, маңызын айқындауға қайнаркөз болды. Ұлы ұстаздың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы қарапайымнан күрделіге, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылу, білім мен тәжірибені ұштастыру сияқты маңызды ұстанымдарына сүйендім.

Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде білім мазмұнының тұғыры болатын озық идеялары мен адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларының орны ерекше болды.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» қазақ халқына ағартушылық қызмет атқарды. Ол туралы өзінің 1862 жылы жазған хатында: «Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуда болып отыр», – деп жазады. [5, б22-28].

Бұдан қазақ балаларының болашағын ойлап, олардың сауатын ашуды, көкірек көзін оятуды мақсат еткен ағартушылық қызметіндегі жауапкершілігін көреміз.

Шығармаларының бәрінде адамның өмірде өз орнын табуға, еңбегінің арқасында өзін танытуға бағдарлай отырып, қоғамдық сананы қалыптастыруды көздейді.

Ұлы ағартушының қысқа және тартымды жазылған көркем шығармаларының барлығы оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор. Оқушылардың мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері де үлкен әсер етеді [1, б.11].

Қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған шығармаларын кез келген жастағы балалар қызыға отырып оқиды, өзіндік пікірі қалыптасады. Әңгімелерінің тілі жатық, оларда оқушының

ойын жетелейтін идеялар басым.

Бұл жөнінде белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысын шебер етіп құруда да оның еңбегі зор», – дейді. [2, б.33].

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің өзегі – рухани-адамгершілікке баулу, өнерге бейімдеу, еңбекке баулу, қиянат жасамау, қамқорлық жасап, қолұшын беруге бейім болу сияқты құнды қасиеттерді дәріптеуден тұрады. Әңгімелерінің құрылымы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастыруға құрылған.

Мысалы, «Өрмекші, қарлығаш һәм құмырсқа» әңгімесін қай жастағы бала оқыса да, тәрбиенің тамшысынан тұратын әрекеттердің мәнін түсінеді. Әр жаны бар тіршілік иесінің өмір сүру қарекетін жасауы – табиғи құбылыс екені айқын сезіледі. Тіршілік ортасының өзгешелігіне қарай өмір сүру қағидасы болатыны, оны бұзбау қажеттігі сияқты талаптардың болатындығын ескертеді. Олардың тіршілігінде еңбектің әр жанның өзі үшін екеніне көз жеткізеді. Сөйтіп, еңбектің қадірін арттыратын, еңбексүйгіштікке әкелетін әрекеттерін әсерлеп жеткізеді.

Нәтижесінде оқырман рөліндегі адам өзінің өмір-тіршілігіне назар аударып, өз бетімен еңбектенуге, өзіндік әрекеттен нәтиже шығаруға, яғни жасампаздыққа бет бұрғанын өзі де байқамай қалуы мүмкін. Өйткені адам бойына тәрбие өнегелі істен көрінбей өтіп отыратын процесс екені баршамызға аян.

Сондықтан да бұндай әңгімелері 1-сыныптан бастап, қолданыстағы оқулықтардың мазмұнынан ешқашан түскен емес. Керісінше, бүгінгі өзгеріс алаңына айналған өмірде заман талабына сай өзектілігі арта түсті. Баланың бойында қалыптасатын жалпыадамзаттық құндылықтарды қазақтың ежелден бері тәрбие құралы болып келе жатқан ертегі, әңгіме, мысалдар арқылы жеткізудің маңызын терең ашып берген ұлы ұстаздың тәжірибесі жалғасын тауып келеді.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының өзіне тән ұлттық-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, білім берудің болашағы айқындап берді.

Ол өз еңбектерінде оқушымен қарым-қатынас неғұрлым жақсы, оқушылардың көңіл-күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын тәжірибесімен дәлелдеп берді.

Мұғалімге «Оқушыны оқуға қалай үйрету керек?» деген сауал қойып, оқытудың тәрбиелік мәнін былайша түсіндіреді:

- оқыту әдістері – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол;

- сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау.

Осындай маңызды пікірін қорытындылай келе, оқушы мен мұғалім арасындағы ізгі қатынастың орнығуына негіз болатын «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген тұжырым жасайды. Мұғалімдерге арналған білім беру жүйесіне өзгерістер әкелетін дидактикалық ұстанымдарға негізделген әдістемелік нұсқаулықтар жазды.

Қорыта айтқанда, «Мектеп – қазақтарға білім берудің құралы, барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі – тек осы мектептерде» – деп, білімнің басты құндылық екеніне ерекше мән берген ұлы ұстаздың өнегелі өсиеттері болашақ жастардың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні анық.

Білім мазмұнын жаңарту, білім беру жүйесін жаңғырту кезеңінде Ы.Алтынсариннің тәлімді тәрбиесі мен білімге ұмтылдыратын ұлағатты тұжырымдары басты темірқазық болмақ.

Жарқын болашаққа бағдаршамдай жарқырап тұрған шамшырақ шығармалары әлі де зерделеніп, ғылыми-әдіснамалық зерттеулерге арқау болып, оқытудың мазмұнын заман талабына сай арттыра беретініне сенім мол.

Сондықтан білімге құштар жас өркеннің мектеп табалдырығын аттаған сәттен алдынан шығатын педагог қауым ұлы ұстаздың ұстанымына сүйенсе, қазақ елінің білім саласын өркендетудің тың жолдары ашылмақ. Іске сәт, қадірлі әріптес!

Әдебиеттер тізімі

1. https://www.zharar.info/kz/story/8644-altynsarin_ake_man_bala.html
2. <https://www.zharar.info/kz/story/8701-khan.html>
3. **Қалиев С., Аюбаев Қ., Қалықова С., Смаилова М.** Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы «Рауан», 1991. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991 ж.
4. **Алтынсарин Ы.** Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, 1989 ж.
5. **Сыдықов Ә.** Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызмет. – Алматы, 1995.

6. **Ыбырай Алтынсарин** мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман. Баяндамалар жинағы. – Қостанай, 2011.
7. **Алтынсарин Ы.** Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994.
8. **Алтынсарин Ы.** Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том: Өлеңдер. Этнографиялық еңбектер. Ғылыми-әдістемелік шығармалар. – Алматы, 2003.
9. **Даданова Е.** Алтынсаринның жастар тәрбиесі жөніндегі еңбектері //Қазақстан мұғалімі. – Алматы.

УДК 371.3

ФОРМИРОВАНИЕ ОСНОВ ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ РАБОЧИХ ТЕТРАДЕЙ

***Ильина Е. А.** – Зам.директора по информатизации, КГУ «Гимназия №9», г.Караганда.
Волинская О. С. – учитель информатики, КГУ «Гимназия №9», г.Караганда.*

В статье мы поделимся опытом преподавания информатики с первого класса. Ввиду жестких санитарных норм ограничения времени работы за компьютером возникает проблема: как эффективно организовать обучение детей в оставшуюся половину урока. Наше решение – рабочие тетради.

Ключевые слова: информатика в начальной школе, рабочие тетради, компьютерная грамотность.

Пандемия COVID-19 привела к крупнейшему за всю историю сбою в функционировании систем образования, который затронул почти 1,6 миллиарда учащихся в более чем 190 странах на всех континентах.

Кризис усугубляет существовавшую и ранее проблему неравенства в сфере образования, не позволяя значительной доле находящихся в наиболее уязвимом положении детей, молодых людей и взрослых – тех, кто живет в бедных или сельских районах, девочек, беженцев, инвалидов и насильственно перемещенных лиц – продолжать учебу. Кроме того, образовательные потери грозят охватить и будущие поколения и ликвидировать достигавшийся десятилетиями прогресс.

А ведь знания – истинное богатство, как писал выдающийся просветитель, общественный деятель, педагог-новатор, учёный-этнограф, поэт и прозаик Ибрай Алтынсарин. Только знания могут сделать человека всемогущим, счастливым. Он понимал: детям нужны знания. Знания – ключ ко многим закрытым дверям. Если дети будут образованными, то у такого народа есть будущее. Знания откроют пути к развитию, совершенствованию [1].

Но как не растерять, а наоборот преумножить это богатство в сложных условиях дистанционного образования?

Введение дистанционной формы обучения послужил стимулом для инноваций в сфере образования. Для обеспечения непрерывности обучения и профессиональной подготовки применяются новаторские подходы: от радио- и телетрансляций до предоставления электронных комплектов материалов на различных образовательных платформах.

В связи с этим на передний план выходят умения и навыки работы с компьютером, в глобальной сети Интернет. Персональный компьютер есть практически в каждом доме, не говоря уже о планшетах, айфонах и других гаджетах. Современные дети, выросшие в этом информационном веке, с компьютером, конечно, на "ты", что называется с пелёнок. Школы оснащены современными компьютерами, подключены к высокоскоростному Интернету, имеется огромное количество образовательных сайтов, программ, ЦОРов по всем предметам, что позволяет сделать обучение интересным, наглядным и интерактивным, но для этого необходимы некоторые навыки работы с компьютером, поэтому изучение информатики необходимо начинать с 1 класса, тем более что в этом заинтересованы как сами ученики, так и их родители.

В гимназии №9 г.Караганды уже на протяжении многих лет с первого по четвертый класс проводится курс по выбору «Информационная грамотность», который направлен на формирование первоначальных представлений об информационных процессах и предполагает овладение начальными навыками работы с графическим и текстовым редакторами, навыки работы в сети Интернет, развитие познавательного интереса к предметной области «Информатика», расширение кругозора в областях знаний, тесно связанных с информатикой, воспитание настойчивости, собранности, организованности, аккуратности, умения работать в минигруппе, культуры общения, бережного отношения к школьному имуществу.

Ожидаемый результат: формирование начальной компьютерной грамотности и элементов информационной культуры; развитие устойчивого интереса к изучению информатики.